

«Дұрыс тамақтану туралы үйдегі әңгіме» БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Шығармашылық байқаудың атауы – «Дұрыс тамақтану туралы үйдегі әңгіме» (әрі қарай – «Байқау»).
- 1.2. Бұл Байқау «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын танытуға бағытталған (мақсатты аудиторияның назарын бағдарламаға аударту мақсатында өткізіледі).
- 1.3. Байқауды Ұйымдастырушы: «Пически» ЖШҚ (СН 7706692980 ЕКС 50090100, орналасқан мекенжайы: 142000, Мәскеу облысы, Домодедово қаласы, Центральный ш/а, Паблик Проперти аумағы, 1-құр. (осы Ереженің мәтіні бойынша - «Ұйымдастырушы» деп аталады).
- 1.4. Байқауға:
 - 1.4.1. Ресей Федерациясының аумағында тұрақты тұратын, 18 (Он сегіз) жастан асқан, 6 (алты) жастан 14 (он төрт) жасқа дейінгі баланың ата-аналары/өкілдері болып табылатын Ресей Федерациясының іс-әрекетке қабілетті азаматтары қатыстырылады;
- 1.5. Байқау өткізілетін аумақ: Ресей Федерациясы
- 1.6. Байқау өткізілетін орын: <https://www.prav-pit.ru/> мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан Конкурс сайты.
- 1.8. Байқауға Қатысушыларды ақпараттандыру осы Ереженің 3.2-тармағында көрсетілген мерзім ішінде осы Ережені және Байқау туралы ақпаратты <https://www.prav-pit.ru/> мекенжайы бойынша Интернет желісінде жарияланған Байқау сайтына жариялау арқылы іске асырылады.
- 1.9. Ұйымдастырушы осы ережелерге өзгерістер енгізуге құқылы. Байқауды өткізу мерзімі ұзартылған, жүлделер саны көбейген, Байқау ережесінде өзге де өзгерістер болған жағдайда Ұйымдастырушы осындай өзгерістер мен жаңа ережелерді <https://www.prav-pit.ru/> мекенжайы бойынша Интернет желісінде жарияланған Байқау сайтына жариялайды.
- 1.10. Байқау осы Ереженің және Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнама ережелеріне сәйкес өткізіледі.

2. Осы Ереже мәтінінде қолданылатын терминдердің анықтамасы

- 2.1. **Байқаудың анонсы** – Ұйымдастырушы өткізетін Байқау туралы ақпарат, оның ішінде Байқауды өткізу туралы жария хабарлама, осы Ереженің 3.2-тармағында белгіленген мерзімде Ұйымдастырушының Байқау сайтында жариялаған Байқау тапсырмасы туралы ақпарат.
- 2.2. **Байқау сайты** – <https://www.prav-pit.ru/> мекенжайы бойынша Интернет желісінде жарияланған сайт.
- 2.3. **Пайдаланушылар** – Интернет желісін және Байқау сайтын пайдаланушылар.
- 2.4. **Байқауға қатысушылар** – осы Ереженің 4.1-тармағында белгіленген және осы Ереженің барлық ережелеріне сәйкес келетін іс-әрекеттерді орындаған Пайдаланушылар.
- 2.5. **Байқау жүлделерін алушылар** – осы Ереженің қағидаларына сәйкес Байқау Жүлделерін алуға құқығы бар Байқауға Қатысушылар.

3. Байқауды өткізу мерзімдері және Жүлделерді жөнелту/тапсыру мерзімдері

- 3.1. Байқауды өткізудің жалпы мерзімі: 2020 жылдың «27» наурызы мен 2020 жылдың «10» мамыры аралығы (Мәскеу уақыты). Байқауды өткізудің жалпы мерзімі Байқауға Қатысушылар Байқауға қатысуға қажет іс-әрекеттерді орындаған кезеңді; Байқау Жүлделерін Алушыларды анықтауға қажет уақытты; ұйымдастырушыға Байқау Жүлделерін Алушыларға ұтқаны туралы хабарлауға қажет уақытты; Ұйымдастырушыға Жүлделерді жөнелтуге/тапсыруға қажет уақытты қамтиды.
- 3.2. Байқауға қатысуға қажет осы Ереженің 4.1-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді Байқауға Қатысушылар 2020 жылдың «27» наурызы мен 2020 жылдың «30» сәуірі аралығы кезеңінде (Мәскеу уақыты) орындайды.

3.3. Ұйымдастырушы Байқау Жұлделерін Алушыларды анықтайды және олар туралы ақпаратты 2020 жылдың «5» мамырынан кешіктірмей (Мәскеу уақыты) Байқау сайтына жариялау арқылы орналастырады.

3.4. Ұйымдастырушы Байқау Жұлделерін Алушыларға оларды 2020 жылдың «10» мамырынан кешіктірмей жөнелтеді/тапсырады (Мәскеу уақыты).

4. Байқауға қатысу үшін Пайдаланушыларды тіркеу тәртібі және Байқауды өткізу тәртібі

4.1. Байқауға Қатысушы ретінде тіркелу үшін Пайдаланушы мынадай талаптарға сәйкес келуі/келесі іс-әрекеттер жиынтығын орындауы қажет:

4.1.1. Байқау сайтының тіркелген пайдаланушысы болу;

4.1.2. Байқау сайтында авторласу рәсімінен өту;

4.1.3. Байқау кезеңдерін өткізудің тиісті мерзімінде Байқауды Ұйымдастырушыға Байқау сайтының функционалы арқылы Байқаудың көрсетілген кезеңінің тақырыбына сәйкес келетін фотосуретті (осыған дейін және әрі қарай – «Жұмыс») жіберу:

«Аспаздық сабағы» тақырыбы: 27.03.20-30.04.2020 жж.

«Спорт сабағы» тақырыбы: 27.03.20 – 30.04.2020 жж.

«Ғылыми сабақ» тақырыбы: 27.03.20-30.04.2020 жж.

Байқаудың әрбір Қатысушысы сабақтарға жарияланған әрбір бейнесабак бойынша 1 (бір) жұмыс жібере алады. Байқауды өткізудің барлық кезеңінде Қатысушылар жіберетін Жұмыстардың жалпы ең көп саны – 16 (он алты).

4.1.4. Жұмыстың модерация рәсімінен өтуі (Жұмыстың Байқаудың тиісті кезеңінің тақырыбына, осы Ережеге және Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексеру). Модерацияны Ұйымдастырушы жүргізеді. Ұйымдастырушы Жұмыстың Байқау кезеңінің тақырыбына, осы Ережеге және Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін/сәйкес еместігін өз бетінше айқындайды). Тексеру (модерация) кезінде Ұйымдастырушы Жұмыстарды техникалық түзетуге, яғни техникалық талаптарға және/немесе Байқау сайтының стилистикасына сәйкес келтіру мақсатында түстер беруді өзгертуге құқылы. Байқауға Қатысушылар Жұмыстарды жібере отырып, осындай Жұмыстарды өзгертуге өз келісімін береді.

4.2. Осы Ереженің 4.1-тармағында көрсетілген іс-әрекеттер осыған дейін және мәтін бойынша әрі қарай «Іс-әрекеттер» деп аталады.

4.3. Жұмыстарға қойылатын талаптар:

4.4. Байқауға қатысу үшін мынадай жұмыстар қабылданбайды:

- 1 (бір) мегабайттан асатын файлдар;

- Интернет желісінен алынған Байқауға Қатысушылардың авторлық Жұмыстары болып табылмайтын жұмыстар;

- «Nestle»® брендiнiң логотипi, тауар белгiсi, өнiмiнiң бейнесi бар және/немесе брендтiң басқа көрсетiлу тәсiлдерi, Ұйымдастырушының логотиптерi/тауар белгiлерi бар Жұмыстар;

- үшiншi тұлғалардың тауарлары мен қызметтерiнiң жарнамасы бар Жұмыстар.

4.5. Ұйымдастырушы Қатысушыны «Жұлде ұстағыш» деп санаған жағдайда оны Байқаудан шығарып тастауға құқылы.

Осы Ереженің қағидаларына сәйкес «Жұлде ұстағыш» термині төменде көрсетілген іс-әрекеттердің бірін немесе бірнешеуін (қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмейді) жасаған тұлға болып табылады:

А) Байқау сайтына тіркелген бірнеше аккаунт арқылы Байқауға қатысқан тұлға;

Б) Байқау сайтына тіркелу кезінде жалған, қате мәліметтер көрсеткен, Ұйымдастырушыға көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар мен ақпарат беруден бас тартқан тұлға;

В) осы Ереженің қағидаларына сәйкес тыйым салынған 1 іс-қимылдарды айналдырудың кез келген түрін жүзеге асырған тұлға;

Г) әртүрлі науқандарға, байқауларға, жарнама іс-шараларына және т. б. қатысудан материалдық пайда алуға бағытталған қызметті тұрақты негізде жүзеге асыратын тұлға.

1 Іс-қимылдарды айналдыру – бұл бір компьютерден Байқау ережесінде мүмкіндік берілгеннен жиі іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік беретін әдіс (динамикалық IP-мекенжайларды пайдалану және cookie тазалау, нақты IP-мекенжайды жасыру, айналдыру ретінде бұғатталған/белсенді емес Интернет пайдаланушыларын пайдалануға және басқа да айналдыру тәсілдерін қолдануға тыйым салынады). Ұйымдастырушы өзіндегі техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, Іс-әрекеттерді айналдырудың бар немесе жоқ екенін өз бетінше анықтайды.

Сондай-ақ Ұйымдастырушы Ереженің осы тармағында белгіленген критерийлерге сәйкес келмейтін басқа да тұлғаны Жүлде ұстағыш деп санауға құқылы.